



Павлодар қ.

2018 жылғы 1-2 қараша

### **Баспасөз хабарламасы**

## **Павлодар қаласында «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауы өткізіледі**

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауында білімді, адамгершілікті, іскер, таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға дайын, серіктестікке және мәдениетаралық өзара әрекеттесуге қабілетті, өз елінің тағдыры үшін жауапкершілікті сезінетін адамды тәрбиелеу бойынша мемлекеттің әлеуметтік тапсырысы көрініс тапты.

Елбасы елдің тұрақты дамуы және халықтың әл-ауқатының өсуі процесіндегі маңызды рөлді білім беру жүйесіне, оның сапасы мен әрбір қазақстандық отбасы үшін қолжетімділігіне бөлді. Елбасы білім алушылардың болашақ мамандық таңдау процесінде кәсіби қолдау көрсету, қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарына сәйкес олардың кәсіби өзін өзі анықтауына жағдай жасауды тапсырды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында тұтас қоғамның, сондай-ақ әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың келесі бағыттары көрсетілген: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Елбасының идеяларын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша Іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2018 жылғы 1-2 қарашада «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауын өткізеді.

Байқаудың мақсаты – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын, мәдени және рухани құндылықтарды насихаттау, шығармашылық ортаны қолдау, ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заманауи мәдениетті алға тарту, сондай-ақ білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, тәрбие беру және тұлғаны әрі қарай үйлесімді дамыту бойынша жүйелі және мақсатты қызмет жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға баулу.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 135 Балалар өнер мектебі мен 33 Балалар көркем сурет мектептерінде 80 мыңға жуық оқушы білім алады, 370 мыңнан астам балалар жалпы білім беретін мектептердегі көркем-эстетикалық бағыттағы үйірмелерге қатысады.

Көрме-байқау мақсатында өткізіледі.

Көрме-байқауға облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қалалар) балалар шығармашылығы көрмелерінде жүлделі орындарға ие болған қосымша білім беру ұйымдарының және жалпы білім беретін мектептердің білім алушылары қатысады (128 қатысушы).

Көрме-байқау қатысушыларға көркем және сәндік-қолданбалы өнер саласында өздерінің жұмыстарын көрсетуге мүмкіндік беретін ауқымды өнер оқиғасы ретінде өткізіледі. Көрме қойылымы келушілерге қолданбалы шығармашылық бұйымдарының түрлілігімен танысуға мүмкіндік береді және шығармашылық жұмыстар келесі номинациялар бойынша ұсынылады:

1)тоқыма бұйымдарын дайындау: гобелен, кестелеу, батик, киіз басу, құрақ пластикасы;

2)ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу: көлемді және тегіс кесу, ағашқа сәндеп жазу, қайың қабығынан жасалған бұйымдар, инкрустация (сүйек, металл, ағаш);

3)шыныны көркемдеп өңдеу: витраж;

4)металды көркемдеп өңдеу: зергерлік бұйымдар, шағын формалардың мүсіні, бедер салу, соғу;

5)ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабан, тоқымадан шағын формадағы мүсіндерді жасау;

6)ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасау;

7)қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше.

Көрме-байқау көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының үздік үлгілері негізінде өскелең ұрпақтың мәдениетін, білім алушылардың танымдық, шығармашылық, зияткерлік қызметін қалыптастыруға жағдай жасайды, сондай-ақ балалар

шығармашылығының дәстүрлі және заманауи бағыттарын дәріптеуге мүмкіндік береді.

Көрме-байқау қатысушыларына «Ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз», «Шеберлер қаласы» шеберлік сыныптар, Облыстық шығармашылық мұражайға экскурсия өткізіледі.

Көрме-байқаудың қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі, ал жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондармен хабарласуға болады: +7 (7172) 642 732; e-mail: [rumcdo.muz@mail.ru](mailto:rumcdo.muz@mail.ru).